

Теректі ауылдық округінде карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағын ветеринария режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл ауданы Теректі ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 15 тамыздағы N 11 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 16 қыркүйекте N 2-5-154 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Теректі ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 18 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Теректі ауылдық округі әкімінің 20.09.2011 № 18 шешімімен.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7)-тармақшасына және Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық–санитарлық инспекторының 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 8 ұсынысы негізіне сәйкес, Теректі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Теректі ауылдық округі тұрғындарының меншігіндегі ұсақ мүйізді малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Б. Алтаев